

## **Реформаларды тереңдету және Қазақстан Республикасының уран өнеркәсібі мен атом энергетикасын одан әрі дамыту жөніндегі қосымша шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 10 ақпандағы N 189

Ядролық-энергетикалық кешенде реформаларды тереңдету және "Қазақстан Республикасы мен Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік арасындағы Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа байланысты кепілдіктерді қолдану туралы келісімді бекіту жөнінде" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2344 U952344\_ Жарлығымен бекітілген ядролық қаруды таратпау туралы Шартқа байланысты кепілдіктерді қолдану туралы Қазақстан Республикасы мен Атом энергиясы жөніндегі агенттіктің арасындағы 1994 жылғы 26 шілдедегі Келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Реформаларды тереңдету және "Қазақстан Республикасының уран өнеркәсібі мен атом энергетикасын одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 22 қарашадағы N 1430 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

бірінші тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: "Қазатомөнеркәсібі" акционерлік қоғамына "Үлбі металлургия зауыты" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін және "КАТЭП ҰАҚ" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін иелену, пайдалану және басқару жөніндегі құқық берілсін";

бірінші тармақтың соңғы абзацы мынадай редакцияда жазылсын: "тиімді өндіріс қызметін қамтамасыз ету мақсатында "Қазатомөнеркәсібі" акционерлік қоғамына "Казкоммерцбанк" акционерлік қоғамының банктік қызмет көрсету және қаржылай қолдау туралы ұсынысына келісім беру ұсынылсын;

7-тармақтың үшінші абзацы алынып тасталсын.

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 22 қарашадағы N 1430 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 желтоқсандағы N 1604 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жөніндегі агенттік:

"Үлбі металлургия зауыты", "Волковгеология" (келісім бойынша) акционерлік қоғамдарының, сондай-ақ N 6 кен басқармасы, Степное кен басқармасы, Центральное кен басқармасы мемлекеттік кәсіпорындарының қаржылық жай-күйі мен төлем қабілетіне бағалау жүргізілсін;

Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп, сондай-ақ "Қазатомөнеркәсібі" акционерлік қоғамы және Қазақстанның Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі келісімі бойынша N 6 кен басқармасы, Степное кен басқармасы, Центральное кен басқармасы мемлекеттік кәсіпорындарының несиелік берешегін өтеу кестесін жасасын. <\*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың 3-ші абзацындағы сөздер ауыстырылды -

ҚРҰ-нің 1997.02.21. N 248 қаулысымен. P970248\_

3. Ядролық материалдар мен қос мақсаттағы өнімді өндіру және сатуды мемлекеттік реттеудің және Қазақстан Республикасының жасасқан халықаралық шарттары бойынша оның қабылдаған міндеттемелерін, сондай-ақ қазақстан тарабының "Инкай" бірлескен кәсіпорны және "Катко" бірлескен кәсіпорны бойынша шетелдік қатысушылардың алдында міндеттемелерін сақтаудың бірыңғай саясатын қамтамасыз ету мақсатында:

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі "Қазатомөнеркәсібі" акционерлік қоғамымен бірлесіп Қазақстан Республикасының Үкіметіне ядролық материалдар мен қос мақсаттағы өнімнің экспорты және импортының көлемі жөнінде ұсыныс енгізсін;

Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауы министрлігі "Инкай" бірлескен кәсіпорнына Инкай - Мыңқұдық кен даласы бойынша жер қойнауын пайдалануға лицензияны қайта ресімдесін;

Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі "Инкай" бірлескен кәсіпорнымен Инкай-Мыңқұдық алаңына жер қойнауын пайдалану бойынша контракт жасасын;

"Қазатомөнеркәсібі" қоғамына Мойынқұм кен орнын игеруге "Катко" бірлескен кәсіпорнының құрылтай құжаттарында көрсетілген жағдайларда, осы кәсіпорын бойынша шетел әріптестерін тарту ұсынылсын.

4. "Қазатомөнеркәсібі" акционерлік қоғамына:

ТМД және басқа да мемлекеттердің аумағында ядролық-отын және атом-энергетикасы кешендері кәсіпорындарының арасында байланыстарды дамыту; ядролық энергетика және өнеркәсіп қызметіне байланысты халықаралық ұйымдарға қатысу;

ядролық материалдар мен қос мақсаттағы өнім бойынша демпингке қарсы тексерулерге байланысты мемлекетаралық және үкіметаралық келісімдерді әзірлеу; ядролық материалдар мен қос мақсаттағы өнімді тасымалдау мен сақтаудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының уран кен орындары бойынша геологиялық ақпараттың сақталымын қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік мәселелерді жүзеге асыруға қатысу ұсынылсын.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік

комитеті заңдарға сәйкес:

"Үлбі металлургия зауыты", "Волковгеология" акционерлік қоғамдардың аталған акционерлік қоғамдардың балансындағы әлеуметтік сала объектілерін жергілікті атқарушы органдардың балансына беру туралы ұсынысымен келіссін;

Алматы қаласының, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдерімен бірлесіп 1997 жылдың 1 наурызына дейінгі мерзімде "Үлбі металлургия зауыты", "Волковгеология" акционерлік қоғамдарының, сондай-ақ N 6 кен басқармасы, Степное кен басқармасы, Центральное кен басқармасы мемлекеттік кәсіпорындарының балансындағы әлеуметтік сала объектілерін жергілікті атқарушы органдардың балансына беруді қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің нормативтік актілерін осы қаулымен және "Реформаларды тереңдету және Қазақстан Республикасының уран өнеркәсібі мен атом энергетикасын одан әрі дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 22 қарашадағы N 1430 P961430\_ қаулысымен сәйкестікке келтірілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі